Қазақстан мектептерінде жаратылыстану пәндерін оқытуда зертханалық жұмыстармен қатар жобалар мен цифрлық ресурстар да қолданылып келеді. Бұл өзгерістер химия пәніне де қатысты. Осы тұрғыда STEM бағыты теорияда өткен материалды тәжірибелік тапсырмалармен байланыстырудың бір жолы ретінде қарастырылады.

PISAның 2022 деректері бойынша Қазақстан оқушыларының 55 пайызы жаратылыстану ғылымдарынан кемінде екінші деңгейге жеткен. Бесінші және алтыншы деңгейге жеткендердің үлесі 1 пайызды құрады. Бұл көрсеткіштерді Қазақстандағы STEM білімінің тікелей нәтижесі ретінде қабылдауға болмайды, өйткені PISA мектептерде STEMнің қолданылу деңгейін бағаламайды. Дегенмен зерттеу тапсырмаларында ғылыми мәліметті түсіну және білімді басқа жағдайда пайдалану талап етілетіндіктен, бұл деректер жаратылыстану білімінің практикалық жағын қарастыруда қосымша ақпарат береді.

STEM сабағын ұйымдастырғанда мектептің мүмкіндігін де есепке алған дұрыс. Химиялық тәжірибеге зертханалық құралдар мен реактивтер керек, ал кейбір цифрлық тапсырмалар тиісті техника болған жағдайда ғана орындалады. Бұған мұғалімнің дайындығы да әсер етеді. Зерттеу жұмысын құру немесе бірнеше пәнді бір тапсырмада байланыстыру қосымша әдістемелік жұмысты қажет етеді. Сондықтан STEMді дамыту тек жаңа тапсырмалар енгізумен шектелмеуі керек.

Финляндияның тәжірибесін таңдауда бұл елдегі пәнаралық оқытуға ерекше назар аударылды. Фин мектептерінде дәстүрлі пәндер сақталғанымен, ортақ тақырып арқылы бірнеше пәнді байланыстыратын жұмыстар да жүргізіледі. Оқу бағдарламасында әр оқу жылында кемінде бір пәнаралық оқу модулін өткізу қарастырылған. Мұндай модульде бір мәселе бірнеше пәннің мазмұны арқылы зерттеледі. Оны химияда да қолдануға болады. Мәселен судың ластануын зерттеген кезде оның химиялық құрамымен қатар тірі ағзаларға әсерін, экологиялық салдарын және тазарту жолдарын қарастыруға болады. Энергия көздері, материалдар, қалдықтарды өңдеу, тұрақты даму тақырыптарында да химия басқа пәндермен табиғи түрде байланысады. Мұндай тапсырмаларда физика, биология, экология немесе технология бойынша білім қажет болуы мүмкін.

Финляндия тәжірибесінде оқушының ақпаратпен өздігінен жұмыс істеуіне де мән беріледі. Дайын қорытындыны қабылдаудың орнына оқушы мәселені зерттеп, мәліметтерді салыстырып, өзінің жауабын негіздейді. Бұл STEM бағытына тән жұмыс түрлерімен сәйкес келеді. Сондықтан Финляндияның білім беру жүйесін толығымен көшіру емес, пәнаралық жұмысты ұйымдастыру тәжірибесінің химия сабақтарына сәйкес келетін тұстарын пайдалану маңызды. PISA 2022 нәтижесінде Финляндия жаратылыстану

ғылымдары бойынша OECD орташа көрсеткішінен жоғары нәтиже көрсетті. Оқушылардың 82 пайызы кемінде екінші деңгейге, 13 пайызы бесінші немесе алтыншы деңгейге жеткен. Сондықтан Финляндия тәжірибесін тек жоғары нәтижелер арқылы емес, қолданылатын оқыту тәсілдері мен қазіргі мәселелерін бірге ескере отырып қарастырған жөн.

Салыстыру үшін таңдалған келесі ел – Корея Республикасы. Мақалада мемлекеттің атауын бірізді беру мақсатында «Оңтүстік Корея» емес, оның ресми атауы – «Корея Республикасы» қолданылады.

Корея Республикасының тәжірибесінде технологияның жаратылыстану пәндерімен байланысына назар аударуға болады. Сабақтарда тәжірибелік және жобалық жұмыстармен бірге цифрлық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік бар. Химияда цифрлық құралдар тәжірибе барысында алынған көрсеткіштерді жазып алу, оларды өңдеу немесе белгілі бір химиялық үдерісті модельдеу үшін қолданылуы мүмкін. Ал сынып жағдайында өткізу қиын тәжірибелердің кейбірін виртуалды ортада көрсетуге болады.

Дегенмен сабақта компьютер немесе цифрлық бағдарлама қолданылғанының өзі маңызды нәтиже болып саналмайды. Құралдың қандай міндет атқаратыны маңыздырақ. Егер ол оқушыға химиялық құбылысты түсінуге, өлшеу жүргізуге, мәліметтерді салыстыруға немесе тәжірибенің нәтижесін талдауға көмектессе, оны қолданудың оқу үшін мәні болады. Корея Республикасының тәжірибесін қарастырғанда бізді қызықтыратын тұс та осы – цифрлық мүмкіндіктерді химия сабағының нақты міндеттерімен байланыстыру.

Корея Республикасы PISA 2022 зерттеуінде жаратылыстану ғылымдары бойынша жоғары нәтиже көрсеткен елдердің қатарынан орын алды. Бірақ бұл көрсеткішті тек STEM сабақтарымен немесе мектептердегі цифрлық технологиялармен байланыстыруға болмайды. Оқушылардың нәтижесіне оқу бағдарламасы, мұғалімдердің кәсіби дайындығы, мектептегі жағдай және жалпы білім беру жүйесінің ерекшеліктері қатар әсер етеді. Сондықтан PISA деректері бұл зерттеуде Кореядағы STEM тәсілінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіш ретінде емес, үш елдің жаратылыстану сауаттылығы нәтижелерін бір өлшеммен салыстыру үшін пайдаланылды.

Елімізді Финляндия мен Корея Республикасын қарастырғанда STEM оқытудың бүкіл елге бірдей сай болатын дайын үлгісі жоқ екенін көрсетеді. Бізде химия пәнінен алған теориялық білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беру мәселесі керек. Финляндияда бір мәселені бірнеше пәннің мазмұны арқылы қарастыру жағымен көрінеді. Ал Кореяда мысалы жаратылыстанудағы сабақтарда технологиялық құралдарды қолданудың тәжірибесін көреміз.

Бұл дегеніміз басқа елдегі тәжірибені тік көшіріп алудың қажеті жоқ екенін көрсетеді. Қазақстан мектебінің оқу бағдарламасы, мұғалімдердің дайындығы, зертханалық мүмкіндігі мен техникалық жабдықталуы басқа елдермен бірдей емес. Сондықтан шетелдік тәжірибеден алынатын тәсілдер

осы жағдайларға сәйкес таңдалуы керек. Мысалы, Финляндиядағы пәнаралық жұмыстың кейбір элементтерін химиядағы экологиялық тақырыптарға қолдануға болады. Корея Республикасындағы цифрлық тәжірибенің жекелеген түрлері зертханалық жұмысты толықтыруға жарауы мүмкін.

Үш елді салыстырудың мәні де осында. Мақсат – қай елдің білім беру жүйесі жақсы екенін анықтау емес, химияны STEM негізінде оқытуға пайдалы болатын ерекшеліктерді бөліп қарастыру. Қазақстандағы қазіргі жағдайды Финляндияның пәнаралық оқыту тәжірибесімен және Корея Республикасындағы технологияларды қолдану тәсілдерімен салыстыру арқылы отандық мектеп жағдайына сәйкес келетін бағыттарды таңдауға болады. Мұндай салыстыру химия сабағында STEM элементтерін бірден түгел енгізуден гөрі, оларды мектептің нақты мүмкіндігі мен оқу тақырыбына қарай кезең-кезеңімен қолдану орынды екенін көрсетеді.

Кесте 1 — Химия пәнін оқытуда STEM тәсілдерінің халықаралық тәжірибесі

№	Мем-лекет	STEM саласындағы мемлекеттік саясаты	Химияны оқыту ерекшеліктері	Қолданылатын технологиялар мен әдістер	Негізгі нәтижелер
1	Сингапур	STEM ұлттық білім беру стратегиясының басым бағыттарының бірі; зерттеушілік білім беруді елеулі қаржыландыру	Практикалық тәжірибелерге, зертханалық зерттеулерге, өндірістік және экологиялық мәселелерді шешуге басымдық беру	Зерттеушілік және жобалық қызмет, цифрлық зертханалар, виртуалды тренажерлер	Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша жоғары оқу нәтижелері, ғылыми мамандықтарға тұрақты қызығушылық
2	Финляндия	XXI ғасыр құзыреттерін дамытуға бағытталған пәнаралық оқыту тәсілі жүзеге асырылады	Химия күнделікті өмірмен байланысты табиғи және экологиялық құбылыстарды зерделеу негізінде оқытылады	Жобалық оқыту, феноменге негізделген оқыту, топтық зерттеу жұмыстары	Оқушылардың сыни ойлауын және зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру
3	Оңтүстік Корея	STEM жоғары технологиялық экономикаға мамандар даярлау тетігі ретінде қарастырылады	Химия инженерлік және технологиялық пәндермен кіріктіріліп, цифрлық құралдар кең қолданылады	Виртуалды зертханалар, цифрлық платформа-лар, химиялық үдерістерді модельдеу	Оқытудың қолданбалы бағытын күшейту және оқушылардың технологиялық даярлығын арттыру
4	Қазақстан	STEM білім беру жүйесін жаңғырту және жаратылыстану-ғылыми даярлықты дамыту аясында енгізілуде	Жобалық оқыту, зерттеушілік қызмет және цифрлық технологиялар оқу үдерісіне кезең-кезеңімен енгізілуде	STEM жобалары, цифрлық білім беру ресурстары, зерттеушілік оқыту элементтері	Химияға қызығушылықты, функционалдық сауаттылық пен зерттеушілік құзыреттілікті арттыру; материалдық-техникалық база мен педагогтерді даярлау мәселелері сақталуда

I-кестедегі салыстырудан үш елдің STEM бағытын әртүрлі жолмен дамытып отырғанын байқауға болады. Олардың бірінде бірнеше пәнді ортақ тақырып арқылы байланыстыру алдыңғы орынға шықса, енді бірінде тәжірибе жасау мен цифрлық құралдарды сабақта қолдануға көбірек көңіл бөлінеді. Сол себепті шетелдік тәжірибені Қазақстанға дайын үлгі ретінде алу дұрыс болмас еді. Бұл жерде химияны оқытуға сәйкес келетін тұстарын бөліп алып, оларды жергілікті жағдайға бейімдеу маңызды.

Финляндияда бірнеше пәннің мазмұнын бір тақырыптың төңірегінде қарастыру тәжірибесі бар. Мұны химиядан да көруге болады. Мысалы судың ластануын өткенде оның құрамын анықтаумен ғана шектелмей, ластанған судың табиғатқа және тірі ағзаларға әсерін де қарастыруға болады. Одан әрі суды тазарту жолдары талқыланады. Қалдықтар, энергия немесе табиғи ресурстар тақырыптарында да химиядан бөлек физика, биология және экологиядан алған білім қажет болады. Сайып келгенде білім алушы бір мәселені бірнешеу ғылым салаларымен байланысты екендігін ұғады.

Қазақстан үшін Финляндия тәжірибесінің құндылығы оның білім беру жүйесін толық қайталауда емес. Маңыздысы кейбір химия тақырыптарын бірнеше пәнмен байланыстырып қарастыру тәсілі. Мұндай жұмыста оқушы дайын қорытындыны бірден алмайды. Ол қажетті ақпаратты өзі іздейді, тәжірибеден алынған мәліметтерді салыстырады және өз жауабын негіздеуге тырысады. Соның арқасында сабақтағы рөлі де өзгереді: ол тек тыңдаушы емес, тапсырманы орындауға тікелей қатысатын оқушыға айналады.

Корея Республикасында жаратылыстану пәндерін оқытуда цифрлық құралдардың қолданылуы кеңірек байқалады. Сабақтарда модельдеу бағдарламалары, виртуалды зертханалар, электрондық ресурстар, сандық өлшеу құрылғылары пайдаланылады. Химияда бұл құралдар тәжірибеден алынған нәтижелерді тіркеуге, оларды өңдеуге немесе сынып жағдайында көрсету қиын үдерістерді модельдеуге көмектеседі.

Бірақ цифрлық құралдың болуының өзі сабақтың сапасын автоматты түрде арттырмайды. Оның қандай мақсатпен қолданылғаны маңызды. Егер ол оқушыға тәжірибені түсінуге, мәлімет жинауға, нәтижелерді салыстыруға немесе құбылысты нақтырақ көруге көмектессе, онда оның оқу үшін мәні бар. Осы тұрғыдан Корея Республикасының тәжірибесі Қазақстандағы химия сабақтарына цифрлық мүмкіндіктерді тиімдірек енгізу жағынан қызықты.

Қазақстан мектептерінде де жаратылыстану пәндерін тәжірибемен байланыстыруға бағытталған жұмыстар жүргізіліп келеді. Сабақтарда электрондық материалдар, зерттеу тапсырмалары мен шағын жобалар қолданылады. Дегенмен барлық мектептің мүмкіндігі бірдей емес. Кейбірінде зертханалық құралдар мен реактивтер жеткілікті болса, басқа білім беру ұйымдарында мұндай мүмкіндік шектеулі болуы мүмкін. Цифрлық ресурстарға қолжетімділік пен мұғалімдердің осы бағыттағы тәжірибесі де әртүрлі. Сондықтан STEM элементтерін енгізгенде мектептің нақты жағдайын ескерген дұрыс.

Шетелдік тәжірибені қарастыру химия сабағындағы тәжірибелік жұмыстың орнын да қайта ойлауға негіз береді. Оқушы химиялы құбылысты оқулықтан оқып қана қоймай, оны өзі бақылаған кезде тақырыпты басқаша қабылдайды. Ол өзгерістерді көреді, нәтижелерді жазып алады және оларды салыстырады. Зертханалық жұмысты тек дайын нұсқаулықты қайталауға құрудың орнына кейбір тапсырмаларда оқушыға нәтижені алдын ала болжауға немесе алынған мәліметтің себебін өздігінен түсіндіруге мүмкіндік берген жөн.

Химияны басқа пәндермен байланыстыруда да табиғилық сақталуы керек. Әр тақырыпқа бірнеше пәнді міндетті түрде қоса беру дұрыс емес. Егер мазмұнның өзі мұндай байланыста қажет етсе, онда пәнаралық жұмыс орынды болады. Мысалы, судың сапасын зерттеу химияны экология және биологиямен байланыстырады. Реакция жылдамдығын қарастырғанда физика мен математикалық есептеулер қажет болады. Ал материалдардың қасиеттерін зерттеу кезінде технологиялық немесе инженерлік тапсырмаларды қолдануға болады.

Цифрлық ресурстарды қолдануда да осындай таңдау қажет. Виртуалды зертхана нақты тәжірибені өткізуге мүмкіндік болмаған кезде көмектесе алады. Модельдеу бағдарламалары көзбен тікелей көру қиын үдерістерді түсіндіруге қолайлы. Тәжірибеден алынған мәліметтерді өңдеу кезінде компьютерлік құралдарды қолдануға болады. Бірақ осы мүмкіндіктердің болуы кәдімгі зертханалық жұмыстан бас тартуды білдірмейді. Химияны үйренуде оқушының құралды өз қолымен пайдаланып, өлшеу жүргізуі және тәжірибедегі өзгерісті тікелей бақылауының өзіндік орны бар.

Бұл жұмыста мұғалімнің дайындығы да назардан тыс қалмайды. Химия пәнін жақсы білу сабақтың негізі болғанымен, STEM бағытындағы жұмысты ұйымдастыру үшін басқа да дағдылар қажет. Мысалы, мұғалім зерттеу сұрағын дұрыс құрастырып, оқушыға орындауға болатын жоба ұсынуы, тәжірибені сабақ уақытына сай жоспарлауы керек. Цифрлық құрал қолданылатын болса, оның сабаққа не үшін қажет екенін де алдын ала анықтаған жөн. Пәнаралық тапсырма дайындағанда химияның мазмұны екінші орынға түсіп қалмауы тиіс.

Үш елдің тәжірибесін салыстырғанда олардың басымдықтары бірдей емес екені көрінеді. Финляндияда бір мәселені бірнеше пән арқылы қарастыру тәжірибесі назар аудартса, Корея Республикасында жаратылыстану сабақтарында технологиялық және цифрлық мүмкіндіктерді пайдалану жағы ерекшеленеді. Қазақстанда бұл бағыттар дамып келе жатыр, алайда оларды қолдану мектептің мүмкіндігіне және мұғалімнің дайындығына тәуелді. Осы айырмашылықтардың өзі басқа елдегі тәжірибені өзгеріссіз қабылдаудың дұрыс еместігін көрсетеді.

Қазақстандағы химия сабақтары үшін шетелдік тәжірибенің жекелеген тұстарын таңдауға болады. Бір мектеп үшін зерттеу тапсырмаларын көбейту өзекті болса, басқа жағдайда алдымен зертханалық базаны жақсарту қажет болуы мүмкін. Кейбір сабақтарда цифрлық модельдеу тиімді болса, енді бір

тақырыпты қарапайым тәжірибе арқылы түсіндірген дұрыс. Мұғалімдерді даярлау да осы жұмыстардан бөлек жүргізілмеуі керек.

Осыдан химияны STEM бағытында оқытудың бірнеше өзекті мәселесі шығады. Зертханалық жұмыстарды тек дайын нұсқаулықпен орындаумен шектемей, оқушыға тәжірибенің кейбір кезеңдерін өзі ойластыруға мүмкіндік берген жөн. Бұған шағын зерттеу мен жобаларды да қосуға болады. Цифрлық ресурстар болса, олар сабақта тек көрнекілік үшін емес, нақты тапсырманы орындауға қажет болған жағдайда қолданылғаны дұрыс. Кейбір тақырыптар басқа пәндердің біліміне сүйенуді қажет етеді. Осындай жұмыстарды сабаққа енгізу мұғалім үшін де ыңғайлы болуы үшін нақты мысалдар мен тапсырмалар берілген әдістемелік материалдар қажет.

Әртүрлі елдердің тәжірибесін қарастырғанда химиядағы теориялық материалдың тәжірибемен байланысы анық байқалады. Реакция теңдеуін дұрыс жазу, формулаларды білу және есеп шығару химияны меңгерудің қажетті бөлігі болғанымен, сабақ мұнымен аяқталмайды. Оқушы реакцияны тәжірибеде бақылап, алынған нәтижені бұрын оқыған заңдылықтарымен байланыстыра алуы керек. Осы тұрғыдан алғанда STEM теорияны, тәжірибені және зерттеу тапсырмаларын өзара ұштастыруға қолайлы тәсілдердің бірі болып саналады.

Қазақстан мен шетел тәжірибесін қарастырғаннан кейін жұмыс ғылыми жарияланымдарды талдаумен жалғасты. Бұл кезеңде таңдап алынған еңбектер жеке оқылып, олардың мазмұнында қандай мәселелердің жиі көтерілетіні белгіленді. Нәтижесінде жобалық оқытуы, зертханалық тәжірибе мен зерттеу жұмысы, пәнаралық байланыс, цифрлық технологиялар және мұғалімнің дайындығы жеке бағыттар бойынша топтастырылды.

Материалдар мен негізгі әдістер. Зерттеуге STEM білім беру мәселесі қарастырылған және оны жаратылыстану пәндерінде қолдануға арналған ғылыми жарияланымдар алынды. Еңбектерді іріктеу барысында химияны оқытуға қатысы бар зерттеулерге басымдық берілді. Әдебиеттердің мазмұнын қарастырғанда зертханалық тәжірибе, жобалық жұмыс, бірнеше пәнді байланыстыратын тапсырмалар, цифрлық құралдарды қолдану және мұғалімнің STEM сабағына дайындығы ескерілді.

Химия сабағында теориялық білім негізгі орнын сақтайды. Оқушы ұғымдар мен заңдылықтарды меңгереді, реакция теңдеулерін құрады және есептер шығарады. Сонымен қатар химияның көптеген тақырыбын тәжірибе арқылы көрсетуге болады. Заттың белгілі бір қасиетін оқулықтан оқумен қатар оны тәжірибеде тексеруге немесе реакцияның жүру жағдайларын өзгертіп, шыққан нәтижелерді салыстыруға болады. Әдебиеттерді талдау кезінде авторлардың теория мен осындай тәжірибелік жұмысты қалай байланыстырғанына мән берілді.

Химиядағы кейбір мәселелерді түсіндіру үшін басқа пәндерден алынған білім де керек болады. Мәселен бір жағдайда физикалық заңдылықтарға жүгінсе, екінші жағдайда биология немесе экологиямен байланыс пайда

болады. Тәжірибеден сандық мәлімет алынғанда оны математикалық жолмен өңдеу қажет. Электрондық құрылғылар өлшеу нәтижелерін тіркеуге пайдаланылса, кейбір тапсырмаларда оқушыдан қарапайым модель немесе шешім ұсыну сұралады. Ғылыми еңбектерді оқу кезінде осындай байланыстардың химия сабағында қалай құрылғаны да қаралды.

Іріктелген жарияланымдардың мазмұны бірдей болған жоқ. Кейбір авторлар жобалық жұмыстарға көбірек тоқталса, бірқатар зерттеулер зертханалық тәжірибелерге арналған. Пәнаралық тапсырмалар мен цифрлық құралдарды сабақта қолдануды қарастырған еңбектер де бар. Жекелеген зерттеулерде мұғалімнің STEM форматындағы сабақты өткізуге дайындығы көтерілген. Осы қайталанып кездескен мәселелер әдебиеттерді кейінгі талдауда негізгі бағыттар ретінде белгіленді. Химияға арналған зерттеулерде зертханалық жұмыстың жиі қарастырылуы пәннің өз ерекшелігімен байланысты. Көптеген химиялық өзгерісті тәжірибе кезінде тікелей бақылауға болады. Оқушы реакция барысында болған өзгерісті көріп, қажетті көрсеткіштерді жазып, бірнеше тәжірибенің нәтижесін салыстыра алады. Осы кезде сабақта өткен теория нақты байқалған құбылысты түсіндіру үшін қолданылады.

Зертханалық жұмыс міндетті түрде бір үлгімен жүргізілмейді. Кейбір тәжірибелерде оқушы нұсқаулықтағы қадамдарды ретімен орындайды. Зерттеу тапсырмасында жұмыстың бір бөлігі оның өзіне берілуі мүмкін. Мысалы, алдымен белгілі бір сұрақ қойылып, оқушы күтілетін нәтижені болжайды. Одан кейін тәжірибе жасап, шыққан мәліметтерді жазып алады және оларды бастапқы болжамымен салыстырады. Осылай құрылған тапсырмада оқушы белгілі нәтижені қайталаумен ғана шектелмей, тәжірибеден алынған дерекпен өзі жұмыс істейді. Пәнаралық байланыстың да сабақтағы нақты қажеттілігі болғаны дұрыс. Бір тапсырмада бірнеше пәннің атауын көрсету оны автоматты түрде пәнаралық етпейді. Мәселені шешу барысында физикадан, биологиядан, математикадан немесе басқа саладан алынған білім шынымен қажет болған жағдайда ғана мұндай байланыс мазмұнды болады. Сондықтан әдебиеттерді талдағанда пәнаралық тапсырманың бар-жоғы ғана емес, оның химия тақырыбымен қалай байланыстырылғаны да ескерілді.

Мысалы, судың сапасын зерттеу кезінде оқушылар су үлгілерінің химиялық көрсеткіштерін анықтай алады. Алынған нәтижелерді кестеге енгізіп, математикалық жолмен салыстыруға болады. Қажет болған жағдайда цифрлық өлшеу құралдары қолданылады. Одан кейін қарапайым сүзгі үлгісін жасап, судың тазартуға дейінгі және одан кейінгі көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік бар. Осындай бір тапсырманың өзінде химия, математика, технология және инженерия элементтері қатар қолданылады. Цифрлық технологиялар химия сабағын ұйымдастыруға қосымша мүмкіндік береді. Модельдеу бағдарламалары арқылы көзбен тікелей бақылау қиын болатын кейбір үдерістерді көрсетуге болады. Виртуалды зертханалар тәжірибенің орындалу ретін қарастыруға көмектеседі. Ал цифрлық өлшеу құралдары тәжірибеден алынған мәліметтерді тіркеуге және өңдеуге мүмкіндік береді.

Мұндай құралдар мектепте қажетті жабдық немесе реактив болмаған жағдайда пайдалы болуы мүмкін. Кейбір тәжірибелерді қауіпсіздік талаптарына немесе уақыттың шектеулі болуына байланысты сабақта өткізу қиын. Осындай жағдайда виртуалды зертхана қосымша құрал ретінде қолданылады. Дегенмен ол нақты тәжірибенің орнын толығымен баспауы керек. Оқушының зертханалық құралдармен тікелей жұмыс істеуі химияны оқытудың маңызды бөлігі болып қала береді.

STEM тәсілінде жобалық жұмыстарға да көңіл бөлінеді. Мұндай тапсырмада оқушы дайын жауапты пайдаланумен шектелмейді.

Химиядан берілетін жобаның тақырыбын оқушыға таныс құбылыстардан таңдаған орынды. Мәселен, үйде пайдаланылатын судың қасиеттерін салыстыруға, тағам өнімдерінің ортасын тексеруге немесе тұрмыста кездесетін химиялық заттардың құрамын қарастыруға болады. Қоршаған ортаның жағдайына қатысты қарапайым зерттеулер де осы қатарға жатады. Мұндай тақырыптарда химия оқулықтағы ұғымдар мен формулалар деңгейінде қалып қоймайды. Оқушы сабақта өткен материалдың тұрмыста және қоршаған ортада кездесетін құбылыстарды түсіндіруге қалай көмектесетінін іс жүзінде байқайды.

Нәтижелер. Зерттеудің әдеби негізін қалыптастыру үшін химия және басқа жаратылыстану пәндеріндегі STEM бағытына қатысты ғылыми жарияланымдар іріктелді. Барлығы 20 еңбек таңдалып, олардың мазмұны зерттеу мақсатына сәйкес қарастырылды. Оның ішінде Қазақстандағы білім беру жағдайына арналған зерттеулермен қатар шетелдік авторлардың еңбектері де қамтылды.

Талдауға STEM білім берудің теориялық негіздері, жобалық оқыту, зертханалық жұмыстар, цифрлық технологиялар, пәнаралық оқыту және мұғалімдерді даярлау мәселелерін қарастырған еңбектер енгізілді (Kelley and Knowles, 2016; Thibaut, 2018; Han and Jutin 2015; Chen and Yang, 2019; Hofstein and Lunetta, 2004; Hofstein, 2004; Dalgarno and et al., 2009; de Jong and et al., 2013; Potkonjak and et al., 2016; Mahaffy, 2019; Chiu, 2015; Margot and Kettler, 2019; Dare, 2019; Huang, 2022; Zhumabay S., 2024; Adal Zh., 2025; Sari, 2020; Ijirana, 2022; Kartimi, 2022 on the basis of publications, as well as information from statistical bureaus and agencies).

Ғылыми еңбектердің мазмұнын салыстыру үшін бес бағыт таңдалды: жобалық оқыту, зертханалық және зерттеу жұмыстары, пәнаралық байланыс, цифрлық технологияларды пайдалану және мұғалімдердің кәсіби дайындығы. Әр еңбек осы көрсеткіштер бойынша жеке қарастырылды. Белгілі бір бағыт еңбектің негізгі мазмұнында, зерттеу әдісінде немесе нәтижелерінде қарастырылған жағдайда есепке алынды. Осы арқылы таңдалған ғылыми әдебиеттерде қандай мәселелерге көбірек назар аударылатынын анықтау көзделді.

Әрбір факторлардың жиіліктерін анықтау мақсатында мынадай формуласы пайдаланылды:

$$T = b \setminus V * 100 \% \quad (1)$$

мұнда Т әдебиеттерге шолудағы ғылыми факторлардың кездесу жиілігі;

b – маңызды факторлар ретінде көрсеткен деректердің саны;

V – талдау жасалынған деректердің саны.

Зерттеудің барысында STEM тәсілімен химия пәнін оқыту, цифрландырылған платформасы арқылы жобалық оқытуы жайында 20 деректер талданды. 20 оқыту деректері 18-і жобалық оқытуға болса, онда:

$$T = 18 \setminus 20 * 100\% = 90\%$$

Бұл жерде жобалық оқытуда қарастырылған деректің 90 % жолығатын, сондай-ақ STEM-нің элементтерінің маңыздылығын көрсетеді.

Зертхана бағытындағы зерттеу бойынша 20 деректің 17-де жолығатын болса:

$$T = 17 \setminus 20 * 100 \% = 85 \%$$

Бұл дегеніміз зертханаға арналған зерттеулердің қызметтері химия пәнін оқуда STEM тәсілдерін енгізудің негізгі факторы ретінде саналады.

Цифрлы технологиялар бағытында 20 деректің 15-де болса:

$$T = 15 \setminus 20 * 100 \% = 75\%$$

Мұнда жаңа инновациялы технологиялардың оқытуда енгізілуі оқу үдерісінің мүмкіндіктерін ұлғайтады және практикалық оқусыз әдістемеге бағытталған педагогтың дайындығысыз STEM тәсілді тұтастай іске асыру оңай болмайды.

Пәнаралық интеграциялануда 20 деректерің 16-да көрсетілсе:

$$T = 16 \setminus 20 * 100 \% = 80 \%$$

Мұнда STEM тіслге әр түрлі пәннен алған білімді бір тапсырма орындағанда байланыстыруға елеулі мән берілетінін көрсетеді.

Мұғалімдердің кәсіби дайындығы 20 еңбектің 14-сінде қарастырылған:

$$T = 14 \setminus 20 * 100 \% = 70 \%$$

Бұл STEM тәсілін мектепте қолдану мұғалімнің дайындығымен де байланысты екенін көрсетеді. Зерттеу және жобалық тапсырмаларды ұйымдастыру, цифрлық құралдарды қолдану және бірнеше пәннің мазмұнын байланыстыру мұғалімнен тиісті әдістемелік дайындықты талап етеді.

Ендігі кезекте оқытудың іс-жүзінде тиімділік коэффициенттерін шамамен

болжау қажет. Білім беруші мен білім алушының арасындағы уақытына келсек:

$$Cп = Tп \setminus T \text{ жалпы} * 100 \%, \quad (2)$$

$Cп$ – практикалық жұмысқа бөлінген уақыттың үлесі;

$Tп$ – тәжірибелік, зертханалық және жобалық жұмысқа бөлінген уақыт;

T жалпы – сабақтың жалпы ұзақтығы.

45 минуттық сабақта практикалық жұмысқа 10 минут бөлінген жағдайда:

$$Cп = 10 / 45 \times 100 \% = 22,2 \%$$

Яғни сабақ уақытының шамамен 22 пайызы практикалық жұмысқа тиесілі болады.

STEM элементтері көбірек қолданылатын шартты сабақта тәжірибе, зерттеу және жобалық тапсырмаларға 25 минут бөлінді деп есептесек:

$$Пн = 25 \setminus 45 * 100 \% = 55,6 \% \quad (3)$$

Бұл жағдайда практикалық жұмыс сабақ уақытының 55,6 пайызын құрайды.

Осы екі көрсеткішті азайтқанда: $55,6 - 22,2 =$ шамамен 33 пайызы болып табылады.

$$55,6 \% - 22,2 \% = 33,4 \text{ пайыздық тармақ.}$$

Осылайша ұсынылған шартты сабақ үлгісінде практикалық жұмысқа бөлінетін уақыт 22,2 пайыздан 55,6 пайызға дейін өзгереді. Айырмасы 33,4 пайыздық тармақты құрайды.

Бұл нәтижені STEM тәсілі оқушылардың білім нәтижесін 33,4 пайызға арттырады деп түсіндіруге болмайды. Есеп тек сабақ уақытын басқаша ұйымдастырған жағдайда оқушының тәжірибелік және зерттеу жұмысына қатысуына көбірек уақыт бөлуге болатынын көрсетеді.

Талқылау. Химия сабағында STEM тәсілін қолдану дегеніміз сабаққа міндетті түрде жаңа технология енгізу немесе тәжірибе санын көбейту деген сөз емес. Біздің ойымызша, мәселе оқушының химиядан алған білімін қалай пайдаланатынында. Егер ол белгілі бір құбылысты түсіндіру үшін есеп жүргізсе, тәжірибе нәтижесін талдаса немесе басқа пәннен алған білімін қолданса, теория сабақтағы нақты жұмыстың бір бөлігіне айналады.

Әдеттегі химия сабағында теориялық материалдың орны үлкен. Оқушылар жаңа ұғымдармен танысады, реакция теңдеулерін жазады, есеп шығарады, кейін зертханалық жұмыс орындайды. Мұның бәрі химияны меңгеру үшін қажет. STEM бағытында осы жұмыстардан бас тарту көзделмейді. Айырмашылық тапсырманың құрылуында. Оқушыға кей жағдайда дайын жауап немесе әрекет реті берілмей, белгілі бір сұрақтың жауабын тәжірибе

арқылы табу ұсынылады. Сонда ол тек орындаушы болып қалмай, алынған нәтижені өзі түсіндіруге тырысады.

Химияның өзі мұндай жұмысқа ыңғайлы пән. Көптеген заңдылықтарды қағаз жүзінде түсіндірумен қатар тәжірибеде көрсетуге болады. Мысалы, реакция кезінде ерітіндінің түсі өзгереді, газ бөлінеді, тұнба түзіледі немесе температура ауысады. Оқушы осы өзгерістерді тікелей көргенде оқулықтағы түсінік пен тәжірибеде болған құбылыстың арасындағы байланысты байқай алады. Егер бірнеше тәжірибенің нәтижесін салыстырса, белгілі бір жағдайдың реакцияға қалай әсер еткенін де өзі анықтайды.

Пән мазмұнын мектептен тыс өмірмен байланыстыратын мысалдар да аз емес. Ауыз судың құрамы мен сапасы, ауаның ластануы, тағам өнімдері, жуғыш заттар, тыңайтқыштар, отын немесе күнделікті қолданылатын материалдар – бұлардың барлығында химиялық үдерістер бар. Осындай тақырыптармен жұмыс істеген кезде оқушы химияның не үшін оқытылатынын нақтырақ түсінеді. Формула мен реакция теңдеуі бұл жағдайда сабақтың соңғы мақсаты емес, мәселені түсіндіруге қажетті құралдың біріне айналады.

Осы ұстаным зерттеуде ұсынылған сабақ моделін құру кезінде де басшылыққа алынды. Модельге STEMнің төрт бағыты – ғылым, технология, инженерия және математика енгізілді. Бірақ оларды төрт бөлек тапсырма түрінде беру көзделмейді. Керісінше, бір мәселені шешу барысында олардың қажетті элементтері бірге пайдаланылғаны жөн.

Мұны су сапасын зерттеу мысалынан көруге болады. Оқушылар алдымен алынған су үлгісінің зерттеуге болатын қасиеттерін анықтайды. Өлшеу қажет болса, қолда бар құралдарды пайдаланады және нәтижелерін жазып алады. Бұдан кейін қарапайым тазарту тәсілін тандап немесе оның шағын үлгісін жасап көруге болады. Тазартылған судың көрсеткіштері бастапқы нәтижемен салыстырылады. Сандық мәлімет болған жағдайда есептеу жүргізіледі. Осылайша бір жұмыстың ішінде химиялық талдау да, өлшеу де, қарапайым техникалық шешім де, есептеу де кездеседі.

Осы себепті сабақта компьютер немесе виртуалды зертхана қолданылғанының өзіне қарап оны STEM сабағы деп атау жеткіліксіз. Мысалы, мұғалім тәжірибенің бейнежазбасын көрсетсе, бұл тақырыпты көрнекі түсіндіруге көмектеседі. Бірақ оқушы бейнені тек көріп отырса, оның зерттеу әрекеті шектеулі болады. Дәл сол сияқты қадамдары түгел жазылған нұсқаулық бойынша орындалған зертханалық жұмыс та пайдалы, алайда онда оқушының өз шешімін іздеуіне әрдайым орын бола бермейді.

Зерттеу сипатындағы тапсырма сәл басқаша құрылады. Мұғалім мәселені ұсына алады, ал оған қандай жолмен жауап іздеу керектігінің бір бөлігін оқушы өзі анықтайды. Ол қолындағы мәліметті қарап, қандай нәтиже шығуы мүмкін екенін алдын ала ойлайды. Одан кейін тәжірибе жасап немесе бақылау жүргізіп, бастапқы ойының қаншалықты дұрыс болғанын тексереді. Жұмыстың соңында тек нәтижені жазу емес, оның неліктен солай болғанын

түсіндіру де маңызды. Мұғалім бұл жерде оқушының әр қадамын айтып отырмайды, бірақ қажет кезде бағыт береді.


Зерттеуде сабақ уақытының практикалық жұмысқа бөлінетін бөлігі де шартты мысал арқылы есептелді. Мұндағы мақсат STEM сабағының үлгерімге әсерін пайызбен анықтау болған жоқ. Есеп тек сабақтың құрылымын өзгерткен жағдайда оқушының тәжірибе, зерттеу және жобаға қанша уақыт бөле алатынын көрсету үшін жүргізілді. Сондықтан алынған айырманы STEM тәсілінің тиімділік пайызы ретінде түсіндіру дұрыс болмайды.

Химияда практикалық жұмысқа жеткілікті уақыт берудің өзіндік себебі бар. Кейбір құбылысты мұғалім қанша жақсы түсіндіргенімен, оқушының оны өзі бақылауы басқаша тәжірибе береді. Мәселен, екі ерітіндіні араластырғаннан кейін тұнбаның пайда болғанын көру немесе реакция барысында температураның өзгергенін өлшеу оқушыға құбылыстың нақты жүргенін көрсетеді. Бұдан кейін «неге бұлай болды?» деген сұраққа жауап іздеу теориялық материалға қайта оралуға алып келеді. Осы жерде теория мен тәжірибе бір-бірін толықтырады.

Сонымен қатар әр химия сабағын міндетті түрде ғылым, технология, инженерия және математиканың барлық элементтерімен толтырудың қажеті жоқ. Тақырыптардың мазмұны әртүрлі. Бір сабақта тәжірибе мен есептеу жеткілікті болуы мүмкін. Басқа тақырыпта модельдеу немесе шағын жоба орынды болады. Кейбір жағдайда инженерлік тапсырманы енгізу жасанды көрінуі де мүмкін. Сондықтан STEM элементін тандағанда ең алдымен сабақтың тақырыбы мен оқушы орындауы тиіс жұмыс ескерілгені дұрыс.

Қазақстан мектептерінің мүмкіндігі де бірдей емес. Зертханалық құралдар, реактивтер және цифрлық құрылғылармен қамтамасыз етілу деңгейінде айырмашылық бар. Бір мектепте белгілі бір тәжірибені толық өткізуге жағдай болса, басқа жерде сол жұмысты қарапайым құралдармен бейімдеп орындауға тура келеді. Осы ерекшелікті ескермей, барлық білім беру ұйымына бірдей сабақ үлгісін ұсыну іс жүзінде қиын. Бірақ STEM тапсырмасын тек заманауи немесе қымбат жабдықпен байланыстыру да дұрыс емес. Химиядан шағын зерттеулердің бір бөлігін күнделікті кездесетін материалдардың көмегімен ұйымдастыруға болады. Оқушылар әртүрлі сұйықтықтардың ортасын салыстырып, қарапайым сүзгінің жұмысын тексеріп немесе бірнеше су үлгісінің қолжетімді көрсеткіштерін зерттей алады.

Мысалы, дайын нәтижені көрсету мен оқушының нәтижені өзі алуында айырмашылық бар. Екінші жағдайда ол өлшейді, жазып алады, екі немесе бірнеше көрсеткішті салыстырады, күтпеген нәтиже шықса оның себебін іздейді. Тіпті қарапайым тәжірибенің өзі осындай жұмысқа құрылған болса, оның зерттеушілік сипаты күшейеді. Осы қағида зерттеуде ұсынылған STEM моделінің негізіне алынды (1-сурет).



Сурет 1 – химия пәнін оқытуда STEM тәсілді интеграциялаудағы моделі

1-суретте химия сабағын STEM бағытымен құрудың моделі берілген. Модельде ғылым, технология, инженерия және математика жеке төрт бөлім ретінде қарастырылмайды. Олардың әрқайсысы тапсырманың белгілі бір кезеңінде қажет болуы мүмкін. Сондықтан модельдің мазмұны STEM атауына кіретін төрт бағытты бір сабаққа міндетті түрде жинақтауға емес, олардың ортақ мәселені шешуде қалай қолданылатынын көрсетуге құрылған. Ғылыми мазмұн оқушыға қарастырылып отырған химиялық құбылысты түсіндіруге қажет. Технологиялық құралдар өлшеу жүргізу, тәжірибені бақылау немесе алынған деректерді тіркеу кезінде пайдаланылуы мүмкін. Егер тапсырма белгілі бір құрылғының, тазарту тәсілінің немесе қарапайым модельдің нұсқасын жасауды көздесе, инженерлік жұмыс пайда болады. Ал тәжірибеден сандық деректер алынған жағдайда оларды есептеу, салыстыру және түсіндіру үшін математикалық амалдар қолданылады.

Мұндай жұмыста оқушыға барлық ақпарат алдын ала дайын күйінде берілмеуі мүмкін. Мәселенің бір бөлігін оның өзі анықтап, тәжірибеден қандай мәлімет қажет екенін ойластырады. Алынған көрсеткіштерді жазып, олардың арасындағы айырмашылықты қарайды. Соңында шыққан нәтижені бастапқы сұрақпен байланыстырып түсіндіреді. Яғни суреттегі төрт компоненттің болуының мәні олардың атауында емес, оқушының әртүрлі білім мен құралдарды бір жұмыстың барысында пайдалануында. Бұл үлгіні химияның бір ғана бөлімімен шектеудің қажеті жоқ. «Су және ерітінділер» тақырыбында әртүрлі су үлгілерін зерттеп, қарапайым тазарту тәсілдерін салыстыруға болады. «Қышқылдар мен негіздер» бөлімінде тұрмыста кездесетін заттардың ортасын анықтау қолайлы. Металдарды өткенде коррозияның қандай жағдайда жылдам немесе баяу жүретінін тәжірибе арқылы тексеруге болады. Полимерлер тақырыбында әртүрлі

материалдардың қасиеттерін салыстырып, олардың қолданылуы мен қалдық ретінде қоршаған ортаға түсуі жөніндегі мәселені қарастыруға болады.

Қазақстан мектептерінде мұндай жұмыстарды бірден барлық сабаққа енгізу міндетті емес. Бастапқы кезеңде қазіргі оқу бағдарламасындағы кейбір зертханалық жұмыстардың мазмұнын кеңейтіп, оқушыға өздігінен жауап іздеуге арналған шағын сұрақтар қосуға болады. Кейін тәжірибе жинақталған сайын жоба немесе бірнеше пәнді байланыстыратын тапсырмалар енгізіледі. Бұл жерде мектептің зертханалық мүмкіндігі мен мұғалімнің дайындығы ескерілгені дұрыс. STEM-нің химия үшін қажетті жағы жаңа атаудың немесе технологияның пайда болуында емес. Оқушы реакция теңдеуін жазып қана қоймай, оның тәжірибеде қалай жүретінін көріп, алынған нәтижені түсіндіре алса, сабақтың практикалық мазмұны күшейеді. Кей жағдайда оған есептеу қажет болады, басқа тапсырмада цифрлық өлшеу құралы немесе қарапайым модель пайдаланылуы мүмкін. Қандай құралдың қолданылатыны тақырып пен қойылған сұраққа байланысты.

Сондықтан STEM-ді мектептегі химияның орнына келетін бөлек оқу жүйесі ретінде қарастыруға негіз жоқ. Ол қолданыстағы сабақтың зертханалық, зерттеушілік және қолданбалы жағын толықтыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұнда мектептің жағдайы да ескерілгені жөн. Бір білім беру ұйымында цифрлық зертхана пайдалануға мүмкіндік болса, екіншісінде сол тапсырманың қарапайым құралдармен орындалатын нұсқасы қажет болуы мүмкін.

Қорытынды. Осы жұмыста химияны STEM бағытымен оқытудың қандай жағдайда мазмұнды болатыны қарастырылды. Талдау барысында бір нәрсе анық байқалды: STEM-ді сабақта компьютер пайдалану, тәжірибе көрсету немесе төрт пәннің атауын бір тапсырмаға енгізу деп түсіндіру тарлық етеді. Химия сабағы үшін оның пайдалы жағы – оқушының теорияда өткен материалын тәжірибе кезінде тексеріп, алынған деректермен жұмыс істеуіне және сол білімді басқа жағдайда қолдануына жол ашу.

Таңдалған 20 ғылыми жарияланымды салыстыру барысында STEM тақырыбымен бірге жиі кездесетін бес бағыт белгіленді. Соның ішінде жобалық оқыту туралы 18 еңбекте айтылған. Бұл барлық қарастырылған жарияланымның 90 пайызына тең. Зертханалық тәжірибе мен зерттеу жұмыстары 17 еңбекте кездеседі, олардың үлесі 85 пайыз. Пәнаралық байланысқа 16 еңбек немесе 80 пайыз, цифрлық технологияларға 15 еңбек немесе 75 пайыз тоқталған. Мұғалімдердің STEM бағытындағы дайындығы 14 жұмыста көтерілген, бұл 70 пайыз.

Бұл сандарды аталған бағыттардың қайсысы тиімді екенін анықтайтын өлшем ретінде қолданған дұрыс емес. Мәселен, жобалық оқытуға қатысты 90 пайыздық көрсеткіш оның тиімділігін білдірмейді. Ол зерттелген 20 еңбектің 18-інде жоба тақырыбы кездескенін ғана көрсетеді. Осы деректерден байқалатыны – авторлар STEMді көбіне жеке бір әдіспен шектемейді.

Ғылыми еңбектерде жоба мен зертханалық жұмыс, пәндердің байланысы, цифрлық құралдар және мұғалімнің дайындығы қатар сөз болады.

Зерттеуде сабақ уақытының бөлінуіне де шартты салыстыру жасалды. Алынған дәстүрлі сабақ үлгісінде 45 минуттың 10 минуты тәжірибелік жұмысқа бөлінді. Уақытқа шаққанда бұл 22,2 пайыз болады. Екінші үлгіде зерттеу, тәжірибе және басқа да практикалық жұмыстарға 25 минут берілді. Оның сабақтағы үлесі 55,6 пайызға жетеді. Екі нұсқаның арасындағы айырма 33,4 пайыздық тармақты құрады.

Мұндағы 33,4 пайыздық тармақты оқушының білімі немесе үлгерімі сонша мөлшерге артты деп түсінуге болмайды. Зерттеу барысында оқушылардың оқу жетістіктеріне мұндай өлшеу жүргізілген жоқ. Есептеу тек екі сабақ үлгісіндегі уақыттың қалай бөлінетінін салыстыру үшін жасалды. Басқаша айтқанда, көрсеткіш STEM элементтері қамтылған сабақ үлгісінде оқушының тәжірибелік әрекетіне көбірек уақыт қарастырылғанын сипаттайды.

Химияның STEMмен байланысын пәннің көптеген тақырыбынан көруге болады. Мәселен, судың құрамын зерттеу барысында химиялық көрсеткіштермен бірге экологиялық жағдай да сөз болады. Реакция жылдамдығын тәжірибеде тексергенде температура мен уақытты өлшеп, шыққан сандарды салыстыру қажет. Ал әртүрлі материалдарды зерттеу олардың қасиетімен ғана аяқталмай, қолданылуы немесе қайта өңделуі жөніндегі мәселелерге ұласуы мүмкін. Яғни басқа пәннің мазмұны химия сабағына қажет болған жерде ғана қосылады. Сол себепті әрбір тақырыпта ғылым, технология, инженерия және математиканың төртеуін де міндетті түрде қамту шарт емес.

Қазақстан жағдайында тағы бір ескеретін мәселе мектептердің мүмкіндігі. Химия кабинеттерінің жабдықталуы, реактивтердің қоры және цифрлық құралдардың болуы барлық жерде бірдей деп айту қиын. Сол себепті STEM сабағын тек заманауи зертханамен байланыстыру оның мектепте қолданылуын шектеп жіберуі мүмкін. Кейбір жұмыстарды қарапайым материалдармен де ұйымдастыруға болады. Мысалы, бірнеше су үлгісін салыстыру, қарапайым сүзудің нәтижесін тексеру немесе тұрмыста кездесетін ерітінділерді зерттеу үшін күрделі құрылғылар барлық жағдайда қажет емес.

Цифрлық құралдарға да осы талаппен қараған дұрыс. Виртуалды зертхана нақты тәжірибені өткізу қауіпті немесе техникалық жағынан қиын болғанда пайдалы. Модельдеу көзбен көру мүмкін емес үдерісті түсіндіруге көмектеседі. Ал тәжірибені кәдімгі зертханада қауіпсіз орындауға мүмкіндік бар болса, оқушының құралды өзі ұстап, өлшеу жүргізгені маңызды. Сондықтан виртуалды және нақты зертхананы бір-біріне қарсы қоюдан гөрі, олардың қай жағдайда қажет екенін анықтаған орынды. Зерттеу барысында жиі кездескен мәселелердің бірі мұғалімнің дайындығына қатысты болды. Жоба немесе зерттеу тапсырмасын ұйымдастыру кәдімгі есеп беруден өзгеше. Мұғалім оқушыға түсінікті мәселе таңдап, тәжірибені сабақ уақытына сәйкестендіріп, жұмыстың қауіпсіздігін ескеруі керек. Пәнаралық

тапсырма берілген жағдайда оның химиялық мазмұны жоғалып кетпеуіне де көңіл бөлінеді. Осы себепті мұғалімдерге химияның нақты тақырыптарына бейімделген тапсырма үлгілері мен әдістемелік материалдар қажет деп санаймыз.

STEM элементтерін енгізудің бір жолы – шағын жұмыстан бастау. Бұрыннан бар зертханалық тапсырмаға оқушы алдын ала жауап беретін зерттеу сұрағын қосуға болады. Келесі кезеңде ол бірнеше нәтиженің арасындағы айырмашылықты өзі түсіндіреді. Одан кейін ғана көлемдірек жоба немесе пәнаралық жұмыс ұсынылады. Мұндай реттілік мектепке де, мұғалімге де қолда бар мүмкіндікке қарай жұмыс істеуге қолайлы.

Жүргізілген зерттеуден шығатын негізгі тұжырым осыған келіп тіреледі. Химиядағы STEM-нің мәні сабақта технологияның көп қолданылуымен өлшенбейді. Оқушының не істегені маңыздырақ. Егер ол мәселені түсініп, тәжірибе жасап, нәтиже алып, сол нәтижені салыстырып және өзінің жауабын негіздей алса, химиялық білім практикамен байланысады.

Осы себепті Қазақстан мектептерінде STEM тәсілін химия курсына қосылатын тағы бір жеке әдіс ретінде емес, сабақтың практикалық және зерттеу мазмұнын кеңейтудің бір жолы ретінде қарастырған дұрыс. Оның нақты түрі барлық мектепте бірдей болмауы мүмкін. Бір жерде зертханалық тәжірибеге, екінші жағдайда цифрлық модельдеуге, ал басқа тақырыпта шағын жобаға басымдық беріледі. Ең бастысы – таңдалған жұмыс химияның мазмұнымен байланысты болып, оқушыға алған білімін тек қайталап айтуға емес, оны іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік беруі.

References

Margot K.C., & Kettler T. (2019) Teachers' perception of STEM integration and education: A systematic literature review. *International Journal of STEM Education*, 6(1), 2. Available at: <https://doi.org/10.1186/s40594-018-0151-2> (in English)

Martin T., Baker Peacock S., Ko P., & Rudolph J.J. (2015) Changes in teachers' adaptive expertise in an engineering professional development course. *Journal of Pre-College Engineering Education Research*, 5 (2), 4. <https://doi.org/10.7771/2157-9288.1050> (in English)

«Next Generation Science Standards». Retrieved 12 May 2013. <http://www.nextgenscience.org> (in English)

Radloff J, Capobianco B., & Dooley A. (2019) Elementary teachers' positive and practical risk-taking when teaching science through engineering design. *Journal of Pre-College Engineering Education Research*, 9(2), 4. <https://doi.org/10.7771/2157-9288.1208> (in English)

Kelley T.R., & Knowles J.G. (2016) A conceptual framework for integrated STEM education. *International Journal of STEM Education*, 3(1), 11. Available at: <https://doi.org/10.1186/s40594-016-0046-z> (in English)

Karaev Zh.A., Beisembaev G.B., Mazbaev O. (2022) Didakticheskie voprosy razvitiya sistemy obrazovaniya na osnove STEM-podkhoda [Didactic Issues of Developing an Education System Based on the STEM Approach]. *Bilim – Education*. — № 1. — P. 5–15. (in Russian).

Konsepsia STEM-obrazovania [The concept of STEM education]. – Astana: NAO imeni Y. Altynsarina, 2023. — 16 p. (in Russian).

Dierking L.D.; Falk J.H. (2020) Vision: Envisioning a New Generation of STEM Learning Research. *Cult. Stud. Sci. Educ.* 2016, 11. — P. 1–10. (in English)

Ferrari P. (2020) Trends in Learning, Steam, Stream, Stem Acronym; capstan: Philadelphia, PA, USA. (in English)

Guo J.; Woulfin S. (2016) Twenty-First Century Creativity: An Investigation of How the Partnership for 21st Century Instructional Framework Reflects the Principles of Creativity. *Roeper Rev.* 38. — P. 153-161 (in English)

Kelley T.R., & Knowles J.G. (2016) A conceptual framework for integrated STEM education. *International Journal of STEM Education*, 3(1), 11. Available at: <https://doi.org/10.1186/s40594-016-0046-z> (in English)

Karaev Zh.A., Beisembaev G.B., Mazbaev O. (2022) Didakticheskie voprosy` razvitiya sistemy` obrazovaniya na osnove STEM-podxoda [Didactic Issues of Developing an Education System Based on the STEM Approach]. *Bilim – Education*. — №1. — P. 5-15 (in Russian)

Konsepsia STEM-obrazovaniya [The concept of STEM education]. — Astana: NAO imeni Y. Altynsarina [Astana: NAO named after Y. Altynsarin], (2023). — 16 p. (in Russian)

Zulpykhar Z., Serikbayeva A., Spirina Y., Janabayev D., Sirojiddinova I. (2025) Practical approaches to network technology education: a study within secondary institutions in Kazakhstan. *Front. Educ* — 10:1557946 p. (in English)

Moore T.J., Glanc, A.W., Tank K.M., Kersten J.A., Smith K.A., & Stohlmann M.S. (2014) A framework for quality K-12 engineering education: research and development. *Journal of Pre-College Engineering Education Research (J-PEER)*, 4(1). — P. 1–13. <https://doi.org/10.7771/2157-9288.1069> (in English)

Rutten N., Van Joolingen W.R., and Van Der Veen J.T. (2011) The learning effects of computer simulations in science education. *Computers and Education*, 58(1). — P. 136–153. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2011.07.017> (in English)

Margot K.C., & Kettler T. (2019) Teachers' perception of STEM integration and education: A systematic literature review. *International Journal of STEM Education*, 6(1), 2. Available at: <https://doi.org/10.1186/s40594-018-0151-2> (in English)

Restrukturizatsia soderjania srednego obrazovaniya na osnove STEM-tehnologii [Restructuring the content of secondary education based on STEM technology]. National Academy of Education named after I. Altynsarin. Altynsarin, (2022). — 120 p. (in Russian)

Cunningham C.M., & Kelly G.Y. J. (2017) Epistemic practices of engineering for education. *Science Education*, 101(3). — P. 486-505. <https://doi.org/10.1002/sce.21271> (in English)

Ciftci A., Topcu M. S., & Erdogan I. (2020) Gender gap and career choices in STEM education: Turkey sample. *International Journal of Progressive Education*, 16(3). — P. 53-66. (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: August 31, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 4